

1999 жылдың қыркүйегі үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша алдағы және мерзімі өткен төлемдерді өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 27 тамыз N 1267

Қазақстан Республикасының шетелдік несие берушілер алдындағы міндеттемелерін орындау және дефолт фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ бұрын берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдардың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) 1992 жылғы 6 қарашадағы N 13-6/И-947, 1993 жылғы 10 мамырдағы N 26-15/116, 1993 жылғы 19 мамырдағы N 26-15/136, 1993 жылғы 7 маусымдағы N 26-15/8347, 1994 жылғы 3 маусымдағы N Ф22-3/38, 1995 жылғы 8 маусымдағы N Ф 22-3/8, 1995 жылғы 9 тамыздағы N Ф-22-31/11, 1995 жылғы 3 сәуірдегі N Ф 22-3/5 1995 жылғы 1 желтоқсандағы N 000 000 1, 1995 жылғы 1 желтоқсандағы N 000 000 3, 1996 жылғы 11 наурыздағы N 000 0012, 1996 жылғы 19 қарашадағы N 000 0019 мемлекеттік кепілдіктеріне және Әлембанк (бұрынғы Қазсыртқыэкономбанк) ұсынған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Австрия Федералдық Қаржы министрлігінің арасындағы 1994 жылғы 19 желтоқсандағы Келісімге Өзгеріске сәйкес, шетел банктері шоттарының негізінде дәрменсіз заемшылар үшін алдағы және мерзімі өткен төлемдерді (1, 2-қосымшаларға сәйкес), сондай-ақ есептелген айыппұл сомаларын төлем жасалатын күнгі бағам айырмасының өзгеруін есепке ала отырып, 1999 жылға арналған республикалық бюджетте "Несиелендіру" бөлімі бойынша көзделген қаражаттың шегінде төлейтін болсын;

2) заемшылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды пайдалану жөніндегі қызметіне қаржылық-шаруашылық тексеріс жүргізсін және оларды пайдалану тәртібін бұзушылық фактілері анықталған жағдайда кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапқа тарту мақсатында материалдарды құқық қорғау органдарына берсін.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі банкроттық рәсіміне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша қаржылық міндеттемелерін атқармаған тұлғаларды өзге де жауапкершілікке тартуға дейін заңдарда белгіленген тәртіппен шаралар қолданысын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың

республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету жөнінде барлық қажетті шараларды қолдансын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі мен "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) қаржылық міндеттемелері республикалық бюджеттің есебінен атқарылған заемшыларға қатысты бөлінген мемлекеттік бюджеттің қаражатты қайтару жөнінде қабылданған шаралар мен олардың нәтижелілігі туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат беріп отырсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы
27 тамыздағы N 1267 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес
сыртқы заемдарды өтеу бойынша мерзімі өткен төлемдердің
Сомасы

Заемшы ұйым	Төлем валютасы	Төлем уақыты	Төлем сомасы	Негізгі борыш
Германия несие желісі				
"Екібастұзкөмір" МАҚ	EUR	03.05.99	6 785,08	0,00
"Екібастұзкөмір" МАҚ	DM	30.03.99	1 087,88	0,00
ҚР ИМ ҚАҚД	EUR	07.06.99	177 118,74	0,00

"Теплоприбор" АҚ	EUR	07.06.99	1 200,47	0,00
"Тұран Агро" фирмасы	EUR	07.06.99	347,56	0,00
"Актурбо" ААҚ	USD	01.06.99	35 935,11	0,00

Жапония несие желісі

Қарметкомбинат	JPY	06.05.99	54 769,00	0,00
----------------	-----	----------	-----------	------

Франция несие желісі

"Батыс" ААҚ	EUR	07.06.99	1 231,43	0,00
-------------	-----	----------	----------	------

Барлығы:	EUR		186 683,28	0,00
	USD		35 935,11	0,00
	JPY		54 769,00	0,00
	DM		1 087, 88	0,00

таблицаның жалғасы

Проценттер	Басқалары	
0,00	6 785,08	
0,00	1 087,88	
135 015,45	42 103,29	
0,00	1 200,47	
0,00	347,56	

0,00	35 935,11	
0,00	54 769,00	
0,00	1 231,43	
135 015,45	51 667,83	
0,00	35 935,11	
0,00	54 769,00	
0,00	1 087,88	

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы
27 тамыздағы N 1267 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес
сыртқы заемдар бойынша алдағы төлемдерді өтеу
Сомасы

Заемшы ұйым	Төлем валютасы	Төлем уақыты	Төлем сомасы	Негізгі борыш
Австрия несие желісі				
"Фосфор" ӨБ	USD	30.09.99	16 631,00	0,00

Германия несие желісі

Павлодартрактор	EUR	01.09.99	2 277 707,46	1809499,47
-----------------	-----	----------	--------------	------------

"Құрылысфарфор" АҚ	EUR	01.09.99	754 695,55	694771,51
--------------------	-----	----------	------------	-----------

"Екібастұзкөмір" МАҚ	EUR	23.09.99	1 970 571,06	1658904,40
----------------------	-----	----------	--------------	------------

"Азат" концерні	EUR	01.09.99	1 538 890,14	1312486,26
-----------------	-----	----------	--------------	------------

Чехия несие желісі

"Конденсат" АБК	USD	30.09.99	1 778 876,86	1666666,67
-----------------	-----	----------	--------------	------------

Барлығы:	USD		1 795 507,86	1666666,67
----------	-----	--	--------------	------------

	EUR		6 541 864,21	5475661,63
--	-----	--	--------------	------------

таблицаның жалғасы

Проценттер	Басқалары	
11 974,32	4 656,68	
468 207,99	0,00	
59 924,04	0,00	
311 666,66	0,00	
226 403,88	0,00	
112 210,19	0,00	
124 184,51	4 656,68	

1 066 202,57	0,00	

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Қасымбеков Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК